

Менеджментті жоспарлау

Сұрақтар

1. Жоспарлау түсінігі
2. Жоспар түрлері

- **Жоспарлау** процесінде өндіріс пен басқару дамуының негізгі бағыттары, олардың тиімділігі анықталады. Жоспарлау процесінде қойылған мақсатқа жету үшін төрт нақты міндет шешіледі:
- А) оқиғалардың дамуын болжау (уақыттың әр бөлігінде болатын жүйе жағдайының сипаты мен маңызын ашып көрсету).
- Б) үлгілеу (жоспарланған кезеңдегі оның тәртібін бақылау, ортамен өзара әрекеттесуін талдау)
- В) бағдарламалау (шешімдердің іс-әрекет бағдарламасы мен шешім таңдау процесі)
- С) жоспарды атқарушыға дейін жеткізумен аяқталады.

Жоспар түрлері:

1. **Стратегиялық жоспарлау**
2. **Тактикалық жоспарлау.**
3. **Ағымдық жоспарлау.**

- **Стратегиялық жоспарлау** басшылық ұйғарған іс-әрекеттер мен шешімдердің жиынтығы. Жеке тұлға тұрғысынан зерттеліп, көлемді зерттеулер мен іс жүзіндегі нақты мәліметтерге негізделуі тиіс. Ұзақ уақытқа болғандықтан өте икемді болып келеді. Стратегиялық жоспарды қалыптастыру деп болашаққа мұхият, жүйелі дайындалу.

Схема түрінде:

1. миссияны таңдау (ұйымның негізгі жалпы мақсаты),
2. мақсатты қалыптастырады (ұзақ, орта, қысқа),
3. қамтамасыз ету жоспарларын әзірлеу (саясат, стратегия, рәсім, ережелер, бюджеттер).

- Жоспарлы қызмет барысында даму стратегиясы, ұзақ мерзімді болжаулар, орта мерзімдік, ағымдағы жоспарлар жатады. Жоспарлаусыз дамудың үйлесімділігі қамтамасыз етілмейді.
- Жоспарлау міндетерін кеңірек ашсақ:
 1. - қоғамдық қажеттіліктерді анықтау
 2. - оларды қанағаттандыру үшін салынатын ресурстар (материалдық, қаржылық, еңбек) жиынын айқындау
 3. - ресурстарды қолданудың тиімділігін арттыру
 4. - бәсекелестікке төтеп беру стратегиясын өңдеу;

- Стратегиялық жоспарлауды басқару қызметін төрт негізгі түрге бөлінеді:

1. Ресурстарды бөлу. Тапшы басқарушы таланттар мен технологиялық тәжірибе қорлары сияқты шектеулі ұйымдастырушылық ресурстарды бөлу кіреді.
2. Сыртқы ортаға бейімделу. сыртқы ортаны талдаудан тұрады. Фирманың мүмкіндігі мен төнетін қатерін анықтау үшін, ұйымға қатысты сыртқы факторларды бақылайтын стратегиялық жоспарды жасайтын процесс.
3. Ішкі үйлестіру. Ішкі операцияларды тиімді біріктіруге жету мақсатымен фирманың күшті және осал жақтарын көрсету үшін стратегиялық іс әрекетті үйлестіру.
4. Ұйымдастырушы стратегиялық алдын ала болжау өткеннен сабақ алу, ой сананы жүйелі дамыту көзделеді.

- **Тактикалық жоспарлау**

Бұнда нәтижелер өте тез байқалады және нақтылы іс әрекетте оңай үйлеседі.

- **Ағымдық жоспарлау.**Болашақтағы болуы ықтимал ахуал пайда болған жағдайда реттеудің саясаты мен тетіктерін әзірлеу болып табылады.
- Тәжірибе жүзінде басқарушылар көптеген жоспарларды жүйелі түрле қайта қарайды, қойылған мақсатқа ұтымды жету үшін оларды орындау барысында қажетті өзгерістер енгізіледі.
- Фирма деңгейінде жоспарлаудан қажетті мәліметтер алғаннан кейінгі болашақтағы қызметтің нобайын жасау:
 1. - айналадағы жағдай жайлы саяси, әлеуметтік, мәдени факторлар, бәсеке туралы. Өңдеуші мен тұтынушы арасындағы қарым-қатынас.
 2. - ішкі ұйымдастыру туралы. Стратегия, мақсат, кадр, қаржылық жағдай, даму деңгейі т.б.